ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2023 жылғы 10 қазан 7119-23-00-2/10869 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Шамшильдин оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде келесі талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "65235 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Акмарал» тұлғасында Акмарал Турдыбековна Туремуратова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "65235 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «жеке кәсіпкер «Акмарал» тұлғасында Акмарал Турдыбековна Туремуратоваға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Акмарал» тұлғасында Акмарал Турдыбековна Туремуратова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Акмарал» тұлғасында Акмарал Турдыбековна Туремуратовадан мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде тараптар шағым жасалуы немесе апелляциялық тәртібімен прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Т. Шамшильдин

Құжатқа қол қойылған: Шамшильдин Т., 10.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 17.11.2023, судья Шамшильдин Т., 01.12.2023

7119-23-3-1/10577